


№ 2005

7429/4



Өтепберген  
Ақыпбекұлы

**ҚҰПИЯ ОҚУЛЫҚ**

Өтепберген Ақышбеқұлы  
**ҚҰПИЯ ОҚУЛЫҚ**



*Өлеңдер  
Жұмбақтар  
Жаңылтпаштар  
Санамақтар  
Мазақтамалар  
Аңыз, әпсана, ертегілер*

**Б**алалар  
ДЕБИЕТІ

Астана • 2004

821.512.162.7-33  
ББК 84 Қаз 7

А 38,

**Ақыпбекұлы Ө.**

**А 38 Құпия оқулық:** Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мазақтама-лар, аңыз, әпсана, ертегілер. — Астана: “Балалар әдебиеті” баспасы. — 2004. 204 бет.

ISBN 9965-650-20-9

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Отепберген Ақыпбекұлының шығармалары қалың жұртқа жақсы таныс. Жинаққа баланың құштарлығын арттыратын, тапқырлыққа баулитын өлең-тақпақтары мен жұмбақ-жаңылтпаштары топтастырылған. Онда балаларға ислам жөнінде, тірі және өлі табиғаттың таңғажайып қызықтары жөнінде әңгімеленеді. Сонымен қатар әр мамандық туралы, оның әр қыры мен сыры жөнінде сөз болады.

А 4803250205-000  
480(05)-04

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-650-20-9

© Ақыпбекұлы Ө., 2004  
© “Балалар әдебиеті”  
баспасы, 2004

## ҚҰПИЯ ОҚУЛЫҚ



(Алғы сөз орнына)

Мынау — қайың,  
Мынау — терек, аршалар,  
Сырын бүккен сұлулықтай тамсанар:  
Ашылмаған кітап беті секілді,  
Ол —  
“Құпия оқулық” — деп аталар.

Шыға келер сәттік шақта құбылып,  
“Құдірет” — дер бірақ сөзбен мұны  
жүрт:

Төрт құбыла,  
Нұр шұғыла, өзен, көл,  
Бұл — құпия,  
Тереңде де сырын үк!..

Табиғатқа —  
Тамсанам да, таң қалам!  
Томсырайып тұрған сынды бар ғалам:  
Тілсіз тастан,  
Үнсіз бақтан сыр тартып,  
Құпиясын ашу —  
Міндет ал, маған!...



**I бөлім.**  
**МҰСЫЛМАНМЫН МЕН ЕНДІ...**

**МҰСЫЛМАН БОЛДЫМ МЕН  
ЕНДІ...**

Шүметейім шым етті,  
Қол-аяғым дір етті...  
Бұлқынып ем,  
Дәрігер:  
“Тыныш жат!...” — деп гүр етті.

Сырттап, безіп апам жүр,  
Төне түсіп атам тұр...  
“Сүндет...” — деген,  
Міндетті,  
Сын екен ғой қатаң бұл...

Үн шығармай тістендім,  
Созылдым да бүктелдім...  
Мұсылмандық дегенді,  
Дәл бұлай деп күткен кім?!

Дәрігер аға шаттықпен:  
“Келді, — деді, — сәт күткен!...”  
...Мұсылман боп төсектен,  
Тұрып келе жаттым мен...

## КӨРІМДІК

Шолжаң, ерке емеспін,  
Үлкендермен теңестім...  
“Құлағыңды кесем!..” — деп,  
Қорқытпайды мені ешкім.

“Әйешімді” көргелі,  
Көп көрімдік бергелі:  
Сүндет той...  
Жұрт жиналды,  
Дастарханға төрдегі...

Тыйылмады ел легі,  
Ақ жол тілеп келгені:  
“Көрімдік...” — деп қолыма,  
Ұстатады теңгені.

Көрімдікке — сый алған,  
Жақсы-ау,  
Болам жиі алаң...  
“Әйешімді” тек қана,  
Көрсетуге ұялам...

## СҮНДЕТ ТОЙ

Кіндігімді кескен жұрт,  
Тұсауымды кескен жұрт...  
Енді міне...  
Сүндет той,  
Жіберді үйді көктем ғып...

Тілектер көп:  
“Жас өркен, —  
Дейді, —асудан ас ертең!..”

...Кесу деген...—  
Өсудің,  
Жетілудің басы екен...

## СЕНІМ

Мұсылманмын мен де енді,  
Кем-кетігім жөнделді:  
Азаматқа айналдым,  
Тәрбиелі,  
Көргенді.

Маған артар үміт көп,  
Сыйлайды жұрт:  
“Жігіт!..” — деп.  
Сәлем берем үлкенге,  
Орнымнан тұрып кеп.

Орынсыз мін тақпайды,  
Қолымды да қақпайды.  
”Әпішуден әкел!..” — деп,  
Ешкім батып айтпайды.

Қапы қалмай қарап түк,  
Үйренем іс талап қып:  
Күнә болып саналар,  
Енді істеген ағаттық.

Туған елдің ұлымын,  
Борышымды ұғындым:  
Пайғамбардың — үмбеті,  
Бір Алланың құлымын!..



## МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Мұсылмандық дегенді,  
Атам былай дер еді:  
“Дәреттену,  
Жуыну,  
Таза ұстау денені.”

Таза болса — ас та адал,  
Көңілің де шат болар.  
Жұқпалы дерт,  
Қыл-қыбыр —  
Тазалықтан жасқанар.

Гүл шашылар қадамға,  
Күш жиылар табанда:  
Дерт жуымас деген бар,  
Таза жүрген адамға.

Түлейді адам жаңарып,  
Ойы, бойы тазарып:  
Мұсылмандық — адалдық,  
Мұсылмандық — тазалық...

## ҚЫБЫЛАМ — ҚАҒБА ҚИЕЛІ

### 1.

Тәубешіл атам,  
Барға мәз.  
Тамақ та,  
Күй де талғамас:  
Күн батар тұсты мөлшерлеп,  
Жаяды алға жайнамаз.

Әдеті осы күндегі,  
Өзгермес шарттай бұл өзі:  
Құбылаға қарап оқиды,  
Намазды —  
Атам үнемі.

Сөзінді бөлмей тыңдайды,  
Әзілге және бұрмайды.  
Шаруасы тығыз болса да,  
Намазды қаза қылмайды.

“Қағба!...” — деп,  
Сөзін таратып,  
Шариғат айтар таласып:  
Ғибадат етер,  
Сиынар,  
Қыбылаға жүзін қаратып.

Естіп те жүрмін біразын,  
Мән-жайын ұғар, сірә, кім?!  
Атамнан бірде —  
Қағбаның,  
Қасиет, сырын сұрадым...

## 2.

Сұрақты атам күрт іліп,  
Қабағын алды бір түйіп:  
Жайменен сипап басымнан,  
Сөзіме қалды сүйсініп.

“Қуанттың, балам сен мені,  
Сұрағың жанды тербеді:

Қағба — Қыбыла,  
Алланың —  
Қасиетті үйі жердегі!..

Құлшылық етіп біз бұған,  
Жүрекке —  
Ектік ізгі дән.

Оны:  
Ибраһим мен Исмайл (с.ғ.с.)  
Пайғамбарлар тұрғызған...”

Деп атам ізгі айтты ойды,  
Нұрланды жүзі,  
Шат болды:  
“Намаздың кезі...” — деді де,  
Жайнамазға шұғыл бас қойды.

Ақиқат сөзге нанамын,  
Ойланып кейде қаламын:  
...Қағбаға жүзін қаратып,  
Оқуда атам намазын...

### 3.

Санама құяр —  
Білгенін,  
Қасиеті дер ем ізгі оның:  
“Намазың қабыл болсын!..” — деп,  
Атама тілеу тіледім.

Бет түзеп,  
Қарар үнемі,  
Қыбылам —  
Қағба киелі!

Демсйді дағы жебейді,  
Тайдырмай жолдан бұл мені.

Қылдай дақ түспес арыма,  
Күш-қуат толар жаныма:  
Төрт құбылам болар сай менің,  
Қыбылам — Қағба барында!..

## ҚҰРАН

### 1.

...”Шар” етті үн —  
Тосын, күрт,  
Қалдық біздер тосылып:  
Бөпем —  
Жылап оянды,  
Әлденеден шошынып.

Түсінбедік бұл сырды,  
Күйге ендік бір түрлі.  
“Бис-сми-лә!..” —  
Деп әжем,  
Үйге тұра ұмтылды.

Не шошынтты?..  
Дәйек жоқ,  
Бүркелді айна,  
Әйнек көп:  
“Қорғай гөр, — деп, — Жасаған!..” —  
Ақ әжем жүр бәйек боп.

Тілеу тілеп ақ, нұрлы,  
Елпелектеп тақ тұрды:

Құран жастап,  
Бөпемді —  
Әжем қайта жатқызды.  
Сәт басылды мазасыз,  
Таң-тамаша қаласыз:  
Сәл-пәл тершіп,  
Бөпешім,  
Ұйықтап жатыр алаңсыз.  
Киелі кітап жастанып,  
Ернін сорып,  
Тамсанып —  
Ұйықтап жатқан бөпемді,  
Сүйгім келді бас салып...

## 2.

Ұлы Алланың кітабын,  
Қадір, құрмет тұтамын:  
Ол тұрған жер-ауасын,  
Құшырлана жұтамын.  
Таратады ол —  
Үйге нұр,  
Құт, береке бізге бұл:  
“Бис-сми-лә!..” — деп,  
Мен оны,  
Сипап қоям күнде бір.  
Жайдарланар жан-сезім,  
Құран — иман,  
Ар, сенім!  
Әлі-ақ оқып-үйренем:  
Ұлы Алланың әр сөзін!..

## НАМАЗ

Атам ұстар үнемі —  
Қағидадай бұл өзі:  
Бес уақыт намазын,  
Қаза қылмай жүреді.

Бойға сіңер сезілмей,  
Шариғаттың деміндей:  
Намаз — ол да,  
Қағазсыз,  
Ілім, білім көзіндей.

Сөз санама мұны жай,  
Намаз — ілім Туындай:  
Себебі,  
Атам сәлдеге,  
Бас қоймайды жуынбай.

Намаз —  
Міндет бұл ұлы,  
Теріс десін кім мұны?!  
Бәлки, содан —  
Атамның,  
Ширақ болып жүруі...

## БАТА

Атам:  
Ерні дірілдеп,  
Бата жасар күбірлеп.  
Бет сипаймыз қосылып,  
Бұл — салт-дәстүр,  
Бұл — міндет!

Қалыптасқан шарттай ол,  
Бейне даңғыл — қасқа жол.  
Атам —  
Бата жасамай,  
Біз созбаймыз асқа қол.

Атамның мен әр ісін,  
Деймін:  
Тәлім,  
Әрі — сын.  
Батаның тым тереңдеп,  
Білмесем де мәнісін.

“Жауынмен жер көгерер,  
Батамен ел көгерер...” —  
Дегенді,  
Жұрт айтар ма,  
Теріс болса ол егер.

“Батасыз ер сорлайды,  
Батасыз ер оңбайды.  
Асқа — бата жасалмай,  
Басқа —  
Дәулет қонбайды!” —  
Дегенді де естідім,  
Бата — тілек,  
Текті — ілім.  
Жүре тындап,  
Көзтүрткі,  
Жасамаймын ешбірін.

“Жас —  
Елпілдеп тұрмай ма,  
Үлкен айтса бұлданба:

Кішілік те —  
Кісілік”, —  
Дер еді атам мұндайда.

Іс атқару ұнамды,  
Көргенділік бұл әрі:  
Үлкендерден қашан да,  
Бата алғым кеп тұрады...

## АЗАН

### 1.

Тым жиі естіп жүргенмен,  
Құлақ та қоймай күнде мен:  
Құдірет, күшін —  
Азанның,  
Шынымды айтсам білмеп ем.

Мәні мен мақсат, мұратын,  
Талдап та берер, сірә кім?!  
“Ат қойды азан шақырып..” —  
Дегенді шалған құлағым.

Сондайлық оған елжіреп,  
Тамсана қояр белгі жоқ.  
Ұққам да қойғам,  
Қысқасы:  
Азанды —  
Таңғы мезгіл деп.

### 2.

Жаз соңы...  
Есер майда леп,  
Қыр — жасыл,  
Әлі тал да көк.



Атама еріп,  
Қалаға —  
Нағашы жұртқа барған ек.

Көлік жоқ...  
Күттік ес кетіп,  
Зулады уақыт текке өтіп:  
Нағашы атам үйіне,  
Әзер деп жеттік кештетіп.  
“Түс болды ғой!..” — деп,  
Нұрлы әжем,  
Тұрғызушы еді бізді әрең.  
Ояндым ерте ұйқымнан,  
Жанымды баурап сырлы әуен.

Ақ таңдай ашық арайлы үн,  
Жағымды,  
Нәзік, баяу тым:  
Түсімдей көріп,  
Түсінбей,  
Жалтақтап сыртқа қараймын.

Сиқырлы бұл не?..  
Таба алмай,  
Аландай берем, аландай:  
Әсерлі сазы ұйытып,  
Тербетті таңғы самалдай...

### 3.

“Неге ерте тұрдың, жан ботам!  
Мен қазір...  
Шай да қайнатам...—  
Нағашы апам самбырлап:  
Мешітке кетті,— дейді,— атаң...”

Сикырлы ғажап көріністей,  
Елендеп қалдым белді істей.  
Сырлы үннің —  
Азан екенін,  
Шамалап тұрмын мен іштей.

“Азанның сырлы әуезі ,  
Тербетер таңнан әлемді.  
Ол — мұсылман жұртының,  
Аллаға жолдау, сәлемі!..” —

Дәл сондай ойды баяндап,  
Құлағыма құйған талай-ақ...  
Атам менің,  
Азанды —  
Сипаттап берген қалай нақ...

Теріс дей алар кім мұны?!  
Бірліктің күші бұл ірі.  
Азан —  
Мұқым мұсылман,  
Жұртының:  
Үні, гимні!..

Бағытқа бастар арналы,  
Азанның терең бар мәні.  
Намаздан — баян қылар ол:  
Ұлықтар Ұлы Алланы!..

Ақ таңнан —  
Азан шақыртып,  
Алысты жүрген жақын ғып:  
Алла — біреу,  
Ісі — қақ!  
Құлшылық етем бас ұрып!..

## НАНЫМЫМ — БІР АЛЛА!

“О, Алла! — де,  
Жасаған! — де,  
Тәңір! — де —  
Терең бойлап үңіле алсаң мәніне:  
Құдіретті Құдайдың ол бір аты,  
Қасиетті атау, сөздің бәрі де...

Алла — наным,  
Ар, иманым,  
Сенімім!  
Жебеушіміз,  
Демеушіміз ол біздің.  
Сиынарым —  
Құбыланың нұры ол,  
Жаратушы,  
Жарылқаушы ол — жер жүзін!

Сенерім де сүйенерім —  
Бір Алла!..  
Бас иемін Құбыла мен Құранға.  
Тұлпарға да тұяқ берген —  
Бір Алла,  
Сол және де қанат берген — қыранға.” —  
Деп, — күн сайын қайталайды мұны атам,  
Сөзін бөліп, қалай ғана сын айтам.  
Мен Өзім де,  
Атам айтқан сөздерді,  
Іштей ылғи қайталауды ұнатам!..

# ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ЖӘМИҒАТ!

## 1. РАМАЗАН АЙЫ

Білгім келіп тереңдеп,  
Жөн сұраймын елендеп:

“Рамазанның —  
Өзге айдан,  
Айырмасы неде деп?..”

Атам жандай сынайтын,  
Ой ұштады былай тың:  
“Мың айдан да қымбаттау —  
Қасиеті бұл айдың!..” —

Деді бір сәт:  
“Санаңнан!..  
Бұл айдан — нұр тараған.  
Өзін өзі тәртіпке,  
Шақырады әр адам...

Жамандықтан тыйылып,  
Бірін бірі ұғынып:  
Ғибадат сөз айтады,  
Үлкен-кіші жиылып...”

Салмақты ойды ұғындым,  
Рамазанда күнұзын:  
Мейірімге шомылып,  
Жақсылыққа жуындым!..

## 2. ОРАЗА

Дайын ас-су — сыбағам,  
Мін айтады кім оған?!  
Бірақ, күндіз ас үйге,  
Бас сұқпайды бір адам.

Айран, қатық, сары қымыз,  
Ішілмейді...

Таңбыз біз.

Жөн сұрасаң үлкендер,  
“Берік, — дейді, — аузымыз...”

Таңғы ас...

Болсын түс мейлі,

Асқа көзін тікпейді...

Шыдамдылық бұл неткен?

Тамшы су да ішпейді.

Айтсақ ашық, нақ шыны,

Дейді үлкендер: “Бақ мұны!...”

Мен де өзімше тежеліп,

Татпай жүрмін тәттіні...

## 3. СӘРЕСІ

Үйдің іші жап-жарық,

Сөз де естіліп қалды анық...

Кетті ме деп таң атып,

Атып тұрдым таңданып...

Сезілмейді таң әлі,

Дала тастай қараңғы...

Дастарханның басынан,  
Көрдім ата-анамды...

“Кел, келе ғой!..— дейді олар, —  
Ауыз тимеу дәмге обал:  
Сәресіден татқан ас,  
Тәулік бойы әл болар...”

#### 4. АУЫЗАШАР

— Кемдігің жоқ ешкімнен,  
Жігітсің ғой ес білген...  
Құдай қосқан көршілер,  
Ауыз ашсын кешке үйден...—

Деді атам:

“Ал, күнім!..

Шақырып кел барлығын!..”

...Келді түгел қонақтар,  
Күттірмеді сәл бүгін.

Төрлеп бәрі отырды,

Толғап,

Құран оқылды...

Ас ішіліп,

Әңгіме,

Жырға үйді толтырды...

Ғибарат сөз тиылмай,

Дастархан түр жиылмай...

Ауыз ашар жалғасты,

Алқалы ұлы жиындай...

## 5. ЖАРАПАЗАН

Ораза айы туғалы,  
Думан, шаттық тынбады.  
Жарапазан айтамыз,  
Жақсы дәстүр бұл дағы...

Тай-құлындай үйірлі,  
Аралаймыз үй-үйді...  
Жарапазан — тілекке,  
Үлкен-кіші сүйінді.

Өзімізді сынаймыз,  
Сынап,  
Өнер шындаймыз...  
“Қабыл болсын ораза!” —  
Деп бастаймыз былай біз:

“Үйің, үйің, үй екен,  
Үй толған ән, күй екен...  
Мұсылмандық дәстүрді,  
Жалғастырар — біз ертең!..”

Жарапазан жақсы ырым,  
Еселер ел шаттығын...  
Қалбалақтап көрі-жас,  
Ұсынады ас-суын...

Тыңнан бір күш тапқандай,  
Әндетеміз жасқанбай...  
Рамазанда:  
Ән-жырдың,  
Байқауы өтіп жатқандай...

## 6. ПІТІР САДАҚА

“Басымызды аман ғыл,  
Тыныш болсын заман бұл!..” —  
Деді де әжем күбірлеп,  
Қарап қойды маған бір...

Орамалға белдегі,  
Түйді санап теңгені:  
“Ертең жұма...  
Мешітке,  
Пітір берген жөн!..” — деді.

Атам маған:  
“Жарығым!” —  
Деп қатайтып сәл үнін...  
Ұғындырды былайша,  
Пітірдің мән-маңызын:  
“Садақаның түрі көп,  
Ниетпен бер мұны тек!..”  
Қосады екен итті де,  
“Жеті ырыстың бірі” — деп.

Ораза айы...  
Пітірдің,  
Талай сырын түсіндім...  
“...Мен сырт қалдым!..” — дегендей,  
Мияулайды мысығым...

## 7. ҚАДІР ТҮНІ

“Ауызға алып бір Алланы,  
Сөзді түсін құрандағы: